ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 24 желтоқсан №7119-24-00-2/15651 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "11567 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекесесі (бұдан әрі – РММ)

ЖАУАПКЕР:

"Easy Trading Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

2.тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "11567 әскери бөлімі" РММ жауапкер "Easy Trading Group" ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"Easy Trading Group" ЖШС БСН 240540024707 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Easy Trading Group" ЖШС БСН 240540024707 мемлекет пайдасына 32 016 (отыз екі мың он алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 806 (екі мың сегіз жүз алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 24.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 07.02.2025, судья Нұрланов Б. К., 10.02.2025

7119-24-3-1/15248